

Грузияның Премьер-Министрі Зураб Ногаиделидің Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 1 маусымдағы N 149-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және Грузия Премьер-Министрі Зураб Ногаиделидің 2006 жылғы 1 - 2 маусымдағы Астана қаласына жұмыс сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы:
қосымшаға сәйкес Грузия делегациясының мүшелеріне "1+4" форматы бойынша қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2006 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекет басшысының Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Грузия делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген
т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Грузия Премьер-Министрі Зураб Ногаиделидің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын .

7. Астана қаласының әкімі Грузия делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Астана қаласының әкімімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы мен Грузияның мүдделі мемлекеттік органдары өкілдерінің, кәсіпкерлерінің қатысуымен бизнес-форум ұйымдастырсын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

1

м а у с ы м д а ғ ы

N

1 4 9 - ө

ө к і м і н е

қосымша

Грузия делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Грузия делегациясының мүшелерін Астана қаласындағы "Риксос Президент" қонақ үйіне 1+4 форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қ ы з м е т к ө р с е т у .

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін Астанадағы "Риксос Президент" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Грузия делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар с а т ы п а л у .

5. Грузия делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д.К. Ахметовтің атынан Грузия Премьер-Министрі Зураб Ногаиделидің құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұ й ы м д а с т ы р у .

7. Делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.